

ГТАХР 03.20.00

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТА КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ОҚЫТЫЛУЫ

Қ.Қ. Жылқышыбаева¹, İbrahim Ozturk², Қ.Д. Раусов³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

²Ömer Halisdemir университеті, Нииде қ., Түркия.

³Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан.
karluwa1970@gmail.com, iozturk@ohu.edu.tr, raysov.kazbek@mail.ru

Мақаламызда XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың орта кезеңіне дейінгі қазақ мектептерінің ашылуы және қазақ тарихының оқытылу мәселелері тарих ғылымы тұрғысынан зерттеліп отыр. Сонымен қатар қазақ даласында ашылған ауылдық мектеп жұмысының жағдайы, қазақ зиялылары мен ағартушыларының саяси көзқарастары мен ұстанымдары қарастырылған.

XIX аяғы XX ғғ. басындағы қазақ ағартушы-зиялыларының Қазақстан тарихының пән ретінде қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесіне ерекше мән беріледі. Қазақ жеріндегі қазақ балаларына арналған ұлттық мектептердің ашылуына қатысты келтірілген мәліметтерге, ағартушы-зиялы қауым өкілдерінің ғылыми еңбектеріне талдау жасалады. Аталған кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайға сипаттама беріліп, қазақ ғалымдарының зерттеулерінен мәліметтер келтіріліп, мақала тақырыбы зерделенеді. Мақалада КСРО кезінде тарих пәнінің оқытылуы кеңестік идеология бақылауында болғандықтан Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жалпы білім беретін мектептерде көптеген методологиялық қателіктер мен кемшіліктер жіберілгендігі баяндалып, қорытынды тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, қазақ мектептері, діни медреселер, оқулықтар, қазақ зиялылары, Кеңес өкіметі, Патшалық Ресей.

Кіріспе

Қай заманда болмасын қазақ даласында қазақ мектептерінің ашылуы және Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы қарапайым адамнан бастап, бүкіл еліміздің барлық салаларындағы азаматтарын толғандырған. Тарихымызқа көзжүгіртсек, қазақ даласындағы оқу-ағарту мәселелерін, қазақ мектептерінің ашылуын, оның ішінде Қазақстан тарихының пән ретінде қалыптасуын, мектептерде бұл пәннің оқытылуы мәселесін зерттеп, дамытуға көптеген ағартушы-зиялылар, ғалымдарымыз, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушы, ақын және т.б. жан-жақты ат салысқан. Өйткені кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекетінің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың, оның өзінде де алдымен сол елге аты берілген халықтың тарихын білуге міндетті екені даусыз. Ал осы Республиканың азаматтарына Қазақстан тарихын жаппай оқытып үйрететін бірден-бір оқу орны – жалпы білім беретін мектеп. Мақаламызда осы аталған мәселелер зерделінеді.

Орта Азия мен Қазақстанда XV ғасырда медреселерде тарих пәні оқу жоспарына дербес пән ретінде енгізілген. Ал осы тарих пәнінің алғашқы оқулығын ғалым Ұлықбек сол кездегі тарихи оқиғаларды, жағдайды анық және шын жазғандығымен ерекшеленген. XIX ғасырдың соңына дейінгі медреселерде тарих пәні Ұлықбектің «Шыңғыс ханның төрт мемлекеті», Әбу Райхан Бирунидің «Өткен ұрпақ ескерткіштері» оқулығы, «Ислам тарихы», «Пайғамбарлар тарихы», «Пайғамбарлар заманы», «Тарих Түркия», «Тарих-әл Камл» және т.б. оқулықтарымен оқытылған.

Қазақстандық ғалым Т.Т.Тұрлығұлдың «Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралының «Қазан төңкерісіне дейінгі оқу орындарында Қазақ тарихын оқыту мәселесі» атты тарауында «Қазақ тарихы оқу орындарында қашаннан бастап оқытыла бастаған?»,- деген сұрақтар қарастырылған. Автор Қазақстан жерінде VII-IX ғасырларда Сырдария бойындағы қалалардағы ірі медреселерде құдай жолын үйрететін пәндерден басқа заң, әдебиет, логика, риторика, жағрафия, философия сияқты пәндер, ал, XV-XVI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстандағы Бұхара, Самарқанд, Түркістан, Созақ, Сығанақ, Отырар, Сайрам, Баласағұн, Семей қалаларында медреселерде тарих пәні енгізілгені туралы: «Олардағы тарихи

білім мазмұны сол дәуірлерге дейінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркі тілді тайпалар мен мемлекеттер тарихын баяндауға арналған», - [1; 12] деп жазады.

Ортағасырларда тек қана орыс тілді мектептерде «Орыс тарихы», «Дүние жүзі тарихы» оқытылды, ал қазақша оқытатын мектептерде және медреселерде тек тарих пәні оқытылған. Жалпы VI ғасырдан XX ғасырға дейін қазақ даласында қазақ тарихы пәні оқытылды деген деректер болмаса да, қазақ тарихы материалдарын, яғни, Б.Алтынсариннің оқулығы материалын қолданған «Ислам тарихы», «Татар тарихы» пәндері бойынша мұғалімдердің пайдаланғаны белгілі. Бұдан біз XVII-XX ғасырларда Қазақстан аумағындағы болған медреселер мен қазақша оқытатын мектептерде тарих сабағында қазақ тарихы материалдары қолданылды деп тұжырым жасауымызға болады. Бұл ойымызды қазіргі кезде Семей қаласындағы «Абай» музейіндегі «Медресе» бөлімінде тұрған Ибн әл-Асирдің «Тарих-әл-Камл» (Әлемнің Кемел тарихы) оқулығы да дәлелдейді.

Материалдар және методологиясы

Мақаланы жазу барысында «Ғылым Ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының материалдары, сонымен бірге арнайы тарихи еңбектер, әдеби-тарихи шығармалар, естеліктер қолданылды. Жұмыстың методологиялық негіздеріне өзекті тарихи мәселелерді, оның ішінде Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер кешені қолданылды.

Сонымен қатар, жұмыстың орындалу барысында бірнеше әдістемелік тәсілдер де қолданылды, деректемелік іздестіру мен зерттеу, объективтілік мүддені үнемі басшылыққа алдық. Сондай-ақ, адамның ұлттық санасының қалыптасуына әсер ететін сыртқы және ішкі жағдайларды анықтап, теоретикалық саралау арқылы, тарихнамалық сындарлы пікірлер жиынтығынан пайда болатын тарихи қағидалылыққа сүйендік. Жалпы композициялық негіз ретінде бүгіннен кешегіге, немесе өткенге, салдарынан себебі мен дәлеліне бағытталған өткенге шолу жасау, яғни ретроспекциялық әдіс пайдаланылды.

Талдау

Тақырыпты жазып шығуда кеңестік кезеңдегі ғылыми еңбектер қолданылды. Патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтарын, соның ішінде қазақтарды толық жаулап алғаннан кейін, орыс ғалымдары қазақ жерінің тарихына қызығушылық тудырғаны белгілі. Орыстандыру саясатының көрнекті өкілдері, миссионер ғалымдар Н.И. Ильминский (1822-1891) [2; 49], Н.Остроумов (1846-1930) [3;148], С.М. Граменицкий[4;14] және т.б. революцияға дейінгі жылдардағы қазақ даласының діни-рухани отарлауын және орыс халқының «ұлылығы» мен «өркениет миссиясын», орыс емес халықтардың білімі мен жүзеге асырылу жағдайын ерекше атап өтеді. Бұл еңбектерде қазақ даласындағы ағарту жұмыстары, халықтың орысша сауаттылық деңгейі туралы мәліметтер бар. Алайда, бұл шығармалар патша үкіметінің саяси мүдделері аясында жазылғандықтан, олар қазақ халқына рухани салада жасалған зұлымдықты бейнелемейді. Революцияға дейінгі кезеңдегі халық ағарту ісінің дамуы туралы жарық көрген еңбектерде біз патшалық Ресей саясатында орыс білімінің прогрессивті маңыздылығын баса көрсетіп, қазақ жеріндегі мектептердің рөлінің төмендегенін көреміз.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының ағартушылары, ұлттық интеллигенция өкілдері С.Асфендияров (1889-1938) [5; 67] және М.Тынышбаевтың (1879-1937) қаламымен жазылған [6; 32] ғылыми еңбектер болды. Олар патша үкіметінің білім беру саласындағы отаршылдық саясатын әшкерелеп жазды, нәтижесінде олар қуғын-сүргінге ұшырады және ғылыми қауымдастықтан шығарылды. Олар өздерінің еңбектері арқылы ұлттық мектептердің дамуына тек қана зор үлес қосып қоймай, тың туындылары мен ғылыми зерттеулерімен қатар, ғылымда аса маңызды орын алатын оқулықтары мен оқу құралдарын ұрпаққа мұра қылып қалдырды.

Сонымен қатар, патшалық Ресейдің қазақ өлкесіне отарлық саясатының салдары, қазақ мектептері дамуы мәселелері З.Т. Садвакасова, Г.С.Султанғалиева, Н.Д.Нуртазина, М.Қ. Қойгелдиев, Б.А.Кенжетаев, А.Айтмухамбетов, И.Р.Халитова, М.Н.Сдықов және т.б. зерттеушілер еңбектерінде қарастырылды [7; 134].

Зерттеу нәтижесі

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы патшалық Ресей құлдыққа түскен халықтарға орыстандыру және шоқындыру саясатын жүргізді. Қазақ жері мен Орта Азияға қарай бағытталған отарлау саясаты патшалық билікке көптеген кедергілер алып келді. Сондықтан Ресей патшалығы қазақ жерін отарлауды басқа жолдармен, соның ішінде ағартушылық арқылы, білім және ғылым саласына қолдау көрсеткендей болу арқылы іске асыра бастады. Қазақ даласында ауылдық мектептер ашылып, оқу және ағарту саласында өзгерістер жасала бастады. Мәселен, Түрік ғалымдары Е. Караған, Ү.Васакліның «Алаш Орда Dönemi Kazak Edebiyatında Aydınlanma ve Millî Bilincin Yeniden İnşası» мақаласында: *«Bu anlamda atılan adımlardan biri de Kazak halkının yüzyıllardır uyguladığı yönetim biçimini alt üst etmektir. Kazak zenginleri arasında adaletten ve insanlıktan uzak yöntemlerle gerçekleştiren yönetici olma mücadelesi ile halkın tüm moral değerleri, kültür unsurları tahrip edilir. Böylelikle halkı idare edebilecek liyakatli kimseler saf dışı edilerek inisiyatif ve idarenin ahlaki zaafı bulunan ehliyetsiz kimselerin eline geçmesi sağlanır. Bunların kontrolü de Rusya'nın elinde bulunmaktadır (Koç-İşinaKorbanbekov, 2007: 195-196). Elleriindeki iradeyi kullanarak dini konularda diğer Müslüman Özellikle Kazak halkının eğitim yönünden çok geri kaldığı ve medenî halklar seviyesine gelebilmesi için Kazakçanın Rus alfabesi ile yazılıp okunmasının daha doğru olacağı propagandası ile başlatıldığı yeni alfabe çalışmasında I. Altınсарин'i de kullanır. Bu çalışmalara önemli bir zemin oluşturan Rus ve Kazakların karışık olarak Rusça esaslı eğitim aldığı bir okulda yetişen Altınсарин, halkının aydınlanması ve modern medeniyetler seviyesine ulaşması için böyle bir çalışmanın içerisinde yer aldığını düşünüürken işleyen plan Kazak halkını tarihinden ve kültüründen koparıp Rus menfaati için çalışan kimselere dönüştürmektir* деп келтірілген мәліметтер осының дәлелі іспеттес [8; 2504]. Яғни, орыстандыру саясаты, оның ішіндегі ағартушылық мәселесін дамытудың екінші бір қыры - ол қазақ халқын отарлау мақсатында қолданылған басты құрал болғандығы белгілі.

XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытатын Бөкей Ордасында бастауыш мектеп 1841 жылы ашылған еді. Қазақ балаларын жетіжылдық мерзіммен оқытатын дүниелік мектеп отарлық аппараттың төменгі орындарына писарьлар мен тілмаштар даярлау үшін Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан 1856 жылы ашылды. Оған бүкіл Орынбор өлкесінен 30 оқушы, соның ішінде Ыбырай Алтынсарин қабылданды. Ол мектеп 19 жыл өмір сүріп, 48 оқушы бітіртіп шығарды. Осындай мектеп Омбы қаласында Сібір қазақтары облыстық басқармасының жанынан 1865 жылы ашылды. Оған 20 оқушы қабылданды. Мектептерде орыс тілі, арифметика, татар тілі, Мұхаммед дінінің қағидасы, тергеу жүргізу және іс-қатынас қағаздарын толтыру тәртібі, одан біраз кейін география және гимнастика сабақтары үйретілді [9;344].

Ал ғалымдар Б.Т. Тулеуова, Л.К. Шотбакова, Г.М.Смагулованың «Формирование системы школьного обучения казахского населения Центрального Казахстана во второй половине XIX – начале XX веков» атты ғылыми мақаласында мынадай деректер келтірілген: *«Первое советское учебное заведение здесь было открыто в 1789г. Это было Омское азиатское училище, готовившее переводчиков и письмоводителей для местных административных учреждений. В эту школу принимались и казахские дети. В 1828 году она была передана в ведение Омского казачьего училища, которое, в свою очередь, в 1846 году было преобразовано в Сибирский кадетский корпус. В него разрешено было принимать детей казахов, имевших военные или гражданские чины, то есть преданных российской администрации. В 1866 году Сибирский кадетский корпус был преобразован в военную гимназию, куда без экзаменов зачислялись дети казахских султанов, баев и старшин. Целью такой лояльной политики по отношению к инородцам была подготовка местных кадров для проведения колониальной политики в Степном крае. В свою очередь, интерес казахского общества к вопросу образования казахских детей был очень большой, так как это открывало перед ними большие перспективы. Так, по «Положению о школе для казахских детей» от 3 июля 1857г. казахи, получившие соответствующее образование, по достижении 21 года могли претендовать на должности волостных управителей и заседателей в окружных приказах, если они до этого прослужили несколько лет в административном аппарате Российской империи»* [10; 1616],- деп жазылған. Патшалық Ресей өзінің отарлау саясатын жүргізу үшін жергілікті халықтан мамандар даярлау мақсатында да мектептер аша бастағандығын көруімізге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, орыс-қазақ мектептері мен училищелерде тарих курстары оқытылған деген деректер бар. Мәселен, 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссия жанынан ашылған қазақ мектебінде ғылым негіздерінен 9 пән оқытылған, олардың бірі - тарих, оған аптасына 2 сағат бөлінген. XIX ғасырдың 80 - жылдары екі кластық орыс-қазақ училищелерінде тарих пәні Острогорскийдің «Орыстың қысқаша тарихы», ал дүние жүзі тарихы Беллярминовтің оқулықтарымен оқытылған деп жазылған.

Қазақстанда халықтық бастауыш мектептер XIX ғасырдың 60 жылдарында ашылды, мұның өзі Ы.Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты болды. Қазақ тарихының оқытылу тарихын және жалпы оқу-ағарту ісіне байланысты ғылыми еңбектер мен деректерге талдау жасай отырып, қазақ тарихының материалдарын іріктеп, оқытқан ең алғаш ағартушы-ғалым Ы.Алтынсарин болғандығын көреміз.

Ы.Алтынсарин өзі жазған оқу құралдарына қазақ тарихына қатысты материалдарды көбірек қосқысы келгендігі туралы Н.И.Ильминскийге мына жазған хатынан білуге болады: «Қазір Қазақ хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатыр едім. Тарих тарауында қазақ тарихынан мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материалдар таба алмай отырмын. Тіпті, Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым...», - деп жазған болатын

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» қазақ тарихына қатысты материалдар мен тарихи әңгімелер келтірілген. Мысалы: «Атақозы би», «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» және т.б. [11; 88].

Ағартушы-ғалым Ы.Алтынсарин сол кездегі оқу құралдары мен оқулықтарға өте үлкен мән беріп, оқулықтардың мазмұны мен құрылымын, оқыту әдістері мен әдістемесін жетілдіруге көп жұмыс атқарған.

Патшалық Ресейдің 1867-1868 жылдардағы реформасы енгізілгеннен кейін мұндай мектептер қазақ өлкесінің әр үрлі жерлерінде жұмыс істей бастады.

Ғалым Т.Т.Тәжібаев «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы білім мен педагогикалық ойдың дамуы» атты еңбегінде: «1868-1869 жылдарда Орал облысында 24 орыс-қазақ мектебі жұмыс істеді, олардың екеуі екі кластық, алтауы селолық бір кластық мектеп, старшындық 14 мектеп және 2 жеке училище болды. 1877 жылы Жайық казак әскерінде 47 мектеп, олардың бесеуі қыздар мектебі болып, бұларда 2250 оқушы оқыды, мұның өзі сол өңірдегі мектеп жасындағы қазақ балаларының 2 процентінен сәл ғана асатын еді. 1894 жылы Орал қаласында ер балалардың әскери гимназиясы, қыздар гимназиясы, діни училище болды. Бұған қоса, облыс бойынша 37 шіркеу мектебі, 77 станицалық, поселкелік шағын мектеп, сондай-ақ 10 болыстық орыс-қазақ мектебі болған еді. Бұл мектептерде барлығы 1984 оқушы болды» деген мәлімет береді [12; 90, 202-204].

Ақмола облысында мектеп ісі осы шамалас болды. Сібір казак әскерлерінің бүкіл ұлан-ғайыр «Горькая линиясы» бойынша 1861 жылға дейін қазақ балаларының сауатын ашуға арналған не бары 14 қана мектеп болды, ал қоныс аударған шаруалардың балаларын, әсіресе, қазақ халқының балаларын оқыту жайында ол кезде сөз болуы да мүмкін емес еді. Бүкіл облыста 70 жылдардың бас кезінде 2767 оқушысы бар 76 оқу орны болды: олардың ішінде 1 қазақ мектебі (27 оқушы), қыздар оқитын 3 мектеп (44 оқушы) болды. XIX ғасырдың аяғына қарай облыста оқу орындарының саны екі еседен де аса көбейді. Ауылдық мектептер де ашылды, бірақ олар тым аз болды. 1898 жылы Ақмола облысында мектеп жасындағы балалардың саны 61 106 болса, олардың 88 проценті мектепке тартылмай қалды.

Ал ғалым А.И.Сембаевтың көрсетуі бойынша 1884 жылы Семей облысында 10 мектеп-медреседе 615 оқушы оқыған. 1888 жылы 12 мектеп-медресеге саны өскен, ал 1895 жылы бұл мектеп-медресенің саны 17-ге өскендігі және онда 900 оқушы білім алғандығы жазылған. Сонымен бірге, 1894 жылы Торғай облысында 457 оқушы оқитын 59 мектеп-медресе, ал 1911 жылы 340 оқушысы бар 13 мектеп-медресе тіркелген. Ақмола облысында 1896 жылы 547 оқушысы бар 13 мектеп-медресе болған, 1898 жылы 11 мектеп-медреседе 425 оқушы, ал 1907 жылы оның саны 15-ке жетіп, онда 970 оқушының білім алғандығы жазылған [13; 19].

Сырдария облысында 1896 жылы бастауыш оқу орындарының саны 78-ге жетіп, оның жетеуі орыс-байырғы халық мектебі болды. Барлығы 3896 бала оқып, олардың 548-і қазақ балалары болды. Екі жыл өткен соң Сырдария облысында бастауыш оқу орындарының саны 119-

ға жетіп, оларда 5507 оқушы оқыды. 1898 жылы облыста 12436 адамға бір мектептен келді, 206322 қала адамдарына 29 мектеп және 1273526 село адамдарына 90 мектептен келген еді.

Жетісу облысында тұңғыш мектептер 1868 жылы пайда болды. XIX ғасырдың 90 жылдарының аяғында облыстың алты уезінде (Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек, Пржевальск) уездерінде 61 оқу орны болды, Верный қаласында ер балалар мен қыз балалар оқитын классикалық гимназиялар, әскери гимназия, үш кластық қалалық училище, 40 оқушысы бар қазақ пансионаты, бағбаншылық мектеп, 2 ауылшаруашылық мектебі, уақытша педагогикалық курс, ал уездік қалаларда ер балалар оқитын екі кластық 5 мектеп, 1833 оқушысы бар 35 бір кластық приход мектептері болды. 1897 жылы мектеп жасындағы 89110 баланың 97 проценті оқымады].

Қазақстанның басқа облыстары сияқты Торғай облысында да халық ағарту ісі баяу дамыды. 1861 жылы орыс-қазақ мектебі алғаш Троицк қаласында, 1864 жылы Торғай мен Ырғызда ашылды. 1879 жылдан кейін жыл сайын әр түрлі типтегі мектептер ашылып тырды. XIX ғасырдың аяғына қарай облыста 162 мектеп болып, оларда 4522 оқушы оқыды [14; 347].

XIX ғасырдың екінші жартысында болыстар мен ауылдарда қазақ балалары әдетте мұсылман мектептерінде, кейде медреселерде оқыды. Ол жергілікті отарлық органдарға және оқу ісінің бастықтарына мұсылман мектептеріне қатаң бақылау жасау жөнінде нұсқаулар мен ережелер жіберді. Бұл ережелердің шек қоятын талаптарының бірінде былай делінді: «Облыс мектептері мен медреселерінде балаларын оқытқысы келетіндердің бәрінің оқу орыны бастықтарынан бұл үшін белгіленген формада рұқсат алған куәлігі болуы тиіс». Бұл куәлік үшін 50 тиыннан алым алынып отырған. Оқытуға право беретін куәлік алудан бас тартып, балаларын мектептер мен медресеге өз бетімен берген адамдарға бірінші жолы 10 сом, екінші жолы 30 сом айып төлеттіріп отырған, ал үшінші ретте ондай адамдар 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін тұтқынға алынып, одан әрі олардың өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытуына тыйым салынатын болған.

Дегенмен патша өкіметі ауылдық-мұсылман мектептерінің ашылуын қадағалап отырса да, XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында жалпы Қазан революциясы қарсаңында Қазақстанда 84 медресе жұмыс істеген, оларда бес мыңдай шәкірт оқыған [15; 38].

XIX ғасырдың екінші жартысында бірқатар ауылдық діни мектептерде оқу-тәрбие жұмысының дәрежесі қанағаттанарлық болмағандығы туралы ағартушы ғалымдар Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы қатты сынға алып жазған. Мәселен, Шоқан Уәлиханов «Қазақ даласындағы мұсылмандық туралы» атты еңбегінде «Тек ақиқат білім ғана адамға күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді», – деп, [16; 53] халқымыздың білім алуы үшін сауатсыз молдалар оқыған медреселер мен патша үкіметі ашқан билеушілер мен аудармашыларға арналған оқу орындары қажет емес деген сын айтады.

Ш.Уәлиханов сияқты, оның ізбасары Ә.Бөкейханов та қазақ дәстүрлерін (әсіресе әдет-ғұрып құқығын) сақтау қажеттігін айтты [17; 79].

Сондай-ақ, қазақ жастарын білім алуға, еңбек етуге шақырған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы (1845-1904) да ғылым мен білім қараңғылықтан шығудың жалғыз жолы екендігін баса көрсетті [18; 9]. Абай Құнанбайұлының қазақ халқының рухани мәдениеті мен ағартуына қосқан үлесі баға жетпес.

XVII ғасырдың ортасынан бастап, қазақ даласындағы барлық оқу-ағарту саласында тек Ресей тарихы оқытылды. Ал, XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан тарихы пәні патша өкіметінің отарлау саясатының салдарынан оқытылмады деп айта аламыз. Патша өкіметінің орыстандыру саясаты жүргізіліп, тек қана жерімізге емес тіліміз мен ділімізге қиянат жасалынды. Мемлекеттік тіл орыс тілі болып жарияланды. Барлық іс-қағаздар орыс тілінде жүргізіліп, қазақ тілі тарих сахынасынан, тарихи санадан өшірілді десек қателеспейміз.

Қазақстан мектептерінде оқыту жүйесін қалыптастыру Кеңес үкіметі орнаған кезден басталды. Бұл жүйе бірден құрастырыла қойған жоқ. Мектептерде оқудың әдістемелік деңгейі, білімділік-тәрбиелік және дамушылық рөлі төмен болды. Қазан төңкерісінен кейін кеңес мектебінің басты мақсаты - мектептегі білім мазмұнын коммунистік тәрбие мақсатына сәйкестендіру, қоғамдық пәндер мұғалімдері, тарихшы ғалымдар мамандары, оқу әдебиеттерінің жеткіліксіздігі, шиеленіскен таптық күрес жағдайында шешу қажет болды.

Сонда да Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақ АКСР Халық ағарту Комиссариаты Қазақстандағы оқу-ағарту ісіне басшылық жасап, мектепте тарихи білімді дамыту мен мұғалімдерді даярлауда біршама іс-шаралар қабылдады. 1920 жылы Қазақстан мектептерінің мақсаты мектептегі тарихи білімінің мәнін қайта қарауды және тарихты бастауыш сыныптарда оқытуды, тарихты оқытудың жаңа әдістемесін қажет етті. Яғни, оқушылардың саяси сенімін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын жаңа әдістемесі керек болды. 1920 жылы мектепке арналған тұңғыш бағдарлама «Тарихтың үлгі бағдарламалары» жарыққа шықты [13; 37].

Мектепте тарихты оқыту мен оның әдістемесінің проблемалары мұғалімдер мен ғалымдарды біріктірді, ал тәжірибе көрсеткіш мектептер, коммуна-мектептер, мұғалімдерді даярлайтын қысқа мерзімді курстар өзіндік педагогикалық лаборатория болып келеді. Баспасөз беттерінде ағарту ісі мен алдыңғы қатарлы мәдениет қызметкерлері Қазақстан мектептерінде 4-сыныптан бастап қазақ халқының тарихы мен туған жер тарихын енгізу туралы мәселелерді көтерді. 1920 жылдарда бірінші басқыш мектептердің ашылуы, ал екінші басқыш мектептердің (жеті жылдық) аз болуы тарих пәнінің оқытылмауының басты себебі болды. Себебі тарих пәндері екінші басқыш мектептерде (5-7 сыныптарда) оқытылатын.

Қазан революциясынан кейін КСРО-да халық ағарту саласында түбірлі өзгерістер жасалына бастады. XX ғасырдың басында қазақ зиялы қауымы: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов және М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы және т.б. да оқу-ағарту және білім мәселесін көтерді.

«Байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп тұрғанда», оқу ағарту және білім беру жолын қалағандардың бірегейі, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, ағартушы-педагог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен дарынды публицист, мәдениет және қоғам қайраткері - А. Байтұрсынов еді. 1895-1909 жылдары А.Байтұрсынов Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытады, екі кластық училищелерде сабақ береді. Қарақаралыда қызмет еткен жылдарында А.Байтұрсынов патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы революциялық қозғалысқа қатысады «қазақтың елдігін сөйлей бастайды» [19; 23]. 1905 жылы бір топ қазақ зиялылары болып, патша өкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдайды. Петиция туралы М.Дулатов кейінірек: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеңдеп, олардың ісіне електеп ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды», - деп жазады» [20; 14]. Петицияда қазақ зиялылары қазақ халқына әлеуметтік теңдік берілуін, жер мәселесінде қазақтардың мүддесі көзделуін, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін талап етеді. А.Байтұрсынов осыдан кейін бірнеше жылдар қуғындалып, түрмеге отырса да, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда "қазақтың ерте оянған тобының" инициативасымен «Қазақ» газетін шығарады. «Қазақ» газетіне Бас редактор болады. Сөйтіп, 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін «Қазақ» газетінде қазақ халқының ұлттық азаматтығы, мәдени-әлеуметтік дамуы, қазақ тілі, қазақ балаларын ұлттық мектептерде ана тілінде оқыту мәселелерін көтереді. А.Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде «Маса» өлеңімен, білім мен ғылымды дамытуды, қазақ халқын маса болып ызындап оятып алып шығуды күрес жолының мақсаты етіп қояды. А.Байтұрсынов қазақтар үшін алфавит жасап, оқу-білімге шақырды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытудың жолдарын 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Оқу жайы» атты Бас мақаласында көрсетеді: «... Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», - деп, «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2-3 есе қымбат түрде сатып алады...», - деп оқу білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдаймен байланыстырып дәлелдейді. Қазақ жерінде мектептердің аз болуы, мамандардың жетіспеушілігі, қазақ балаларының оқи алмауы барлығы қаражатқа байланысты екендігін жазады [21; 8]. Осы мақаласында автор: «Торғай облысында 1912 жыл бірінші ғинуарға шейін 570 мың 109 қазақ тұрған, қазақ баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда, әрбір 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен. Қостанай уезіне 1909 жылғы есеп бойынша 60 мың 594 еркек, 52 мың 63 әйел барлығы 112 мың 657 қазақ болған. Бұлардан

қазақша оқыған еркек 6 мың 65, орысша хат танитын 690. Қазақша хат танитын әйел 379, орысша хат танитын әйел 29. Бұл есептен көрінеді, Қостанай уезінде қазақша хат танитын еркек әрбір жүз кісіден алтау, орысша хат танитын әрбір мың кісіден алтау. Қазақша хат танитын әйел әрбір үш жүз кісіден біреу, орысша хат танитын әрбір төрт мыңнан біреу. Бұл цифрлар қазақта оқудың тіпті аздығын көрсетеді», - деп, қазақ даласындағы оқу жайының дұрыс жолға қойылмағандығының шындығына нақты дәлелдер келтіреді.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы - бастауыш мектеп. Сондықтан А.Байтұрсынов оқу-білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударады. Ол 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды [22; 12]. Мұнда автор: «Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектепте бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды...», - деп, қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы маз емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда ана тілінде, кейінгі екі жылда орыс тілінде оқысын деген ұсыныс білдірді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыстану пәндері жүретін болсын деп нақты айтады. А.Байтұрсынов қазақ балаларына арнап қазақ жазуына лайық араб графикасын, жазу тәртібі-емлені жасап, ана тілінде оқулықтар жазады.

Қазақстандық мектептерде тарих пәнін оқыту туралы мәселелерді қажырлы қоғам қайраткері, зерделі зерттеуші, пайымды педагог Жүсіпбек Аймауытов та көтерді. 1911 жылы Павлодар қаласындағы 2 кластық орыс-қазақ мектебіне барып, 1914 жылы ойдағыдай бітіреді де, сол жылы, яғни, 1914-1915 оқу жылында Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясының даярлық курсына түседі. Аталған семинариядан 1919 жылы бастауыш класс оқытушысы деген куәлік алып шығады. Міне, сол кезден-ақ оның қоғамдық, жазушылық, педагогтік қызметпен айналысуы басталады. 1918 жылы Семейде шыға бастаған «Абай» журналына жауапты шығарушысы бола жүріп, «Тәрбие» мақаласын жариялайды. Автор бұл мақаласында баланы тәрбиелеуде өз елінің әдет-ғұрпын, салт-санасын үйретудің, қоршаған ортамен таныстырудың маңызына назар аударады. Дарынды қаламгер көзі тірісінде 1924 жылы Орынборда жарияланған «Тәрбие жетекшісі» [23; 9] еңбегінде тарих пәнінің маңызын ерекше көрсете келіп, оны қай кластан бастап оқыту керек деген мәселеге тоқталады. «Тарихты оқыту бала әр тараулы білім алып, әзірленіп, жазуға, оқуға әбден төселген соң, тарихи жеңіл әңгімелерді ұғынып, айтып берерлік дәрежеге жеткен кезде, төңіректегі тұрмыс пен жағрафиядан едәуір білім алғаннан кейін басталсын», - дейді. 4-класта әдебиетті, тарихты, жағрафияны біріктіріп, «Біздің Отан» деген атпен оқыту қажет деген ұсыныс айтады. Бұл ұсыныстың дұрыс болғандығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оның ұсынысын Кеңес өкіметі жүзеге асыруға жол бермеді. Керісінше, осындай пікір айтқан ағартушылар мен ғалымдарды қуғын-сүргінге ұшыратты.

Алаш қозғалысының қайраткерлері халық ағарту ісінің қайта құрылуын ұлттық тұрғыда жаңа көзқарас тұрғысынан шеше білді. М. Сералин, Ж.Сейдалин, С. Сейфуллин, Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б жергілікті тарихты оқыту мақсатында қолданатын идеялары, қазақ халқы арасында кең қолдау тапты. Бұл бағыттың ұстанымдары мен бағыттары Қазақ АКСР Халық Ағарту Комитетінің коллегиясында талданды. Қазақ АКСР жергілікті тарихты оқытудың жаңа жолдары мен бағыттары мен оқулықтарды, оқу құралдарын құрастыру, бағдарламалардың жасау жолдарын қарастырды.

1917 жылдың 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында Алаш азаматтарының күш салып, жұмылуының арқасында тұңғыш жалпықазақ съезі өтіп, онда күн тәртібіне 14 мәселе қойылды. Олардың арасында мемлекет билеу түрі, қазақ облыстарының жер жағдайы, әскер құру, земство, әйел теңдігі сияқты мәселелермен қатар ұлттың рухани-мәдени дамуының кепілі – оқу-ағарту секілді маңызы өлшеусіз мәселер де бар болатын. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «Бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жыл ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп қаулы өтті. Сонымен қатар Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекеттің өмірге келуіне себеп болған, 1917 жылдың желтоқсан айындағы екінші жалпықазақ съезінде де оқу-ағарту мәселелері аса өзекті, шешімін күтіп тұрған іс деп танылды. Ал Ә.Бөкейханов А.Байтұрсынов М.Дулатов Е.Ғұмаров, Е.Тұрмахамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжановтар бірлесіп жасаған «Алаш» партиясы

бағдарламасының Жобасындағы ІХ бөлім: «Ғылым-білім үйрету» деп аталынады. Онда былай делінген: «Оқу ордаларының есігі кімге болса да, ашық һәм ақысыз болуы; қазақтың өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды, автономия түрінде болуы; хукімет оқу ісіне кіріспеу: мұғалімдер - профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы керек», - деген мәселелерді қоюы, сол кездегі қазақ зиялыларының білім беру мәселелерін дамытуға деген талпыныстары еді. Білім мен ғылымды дамытуда, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда, отаншылдық сияқты қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіруде, отандық тарих пәнінің шешуші рөл атқаратындығын да баса айтты. Бұл мәселелердің ары қарай қалай шешілгендігіне тарихымыз куә болды. Қазақ зиялыларының оқу-ағарту және білім беру, оның ішінде ұлттық тарихты мектептерде оқыту мәселесіне байланысты атқарған істері мен қызметтері босқа кетпеді. Өздері өлсе де, әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсы шығып, қазақ халқының атынан бас көтеріп, аталған мәселелердің шешілуіне бастама жасады. КСРО-да білім беру ісін дамыту ақырындап болса да, қолға алына бастады.

«Коммунистік партия мен Кеңес мемлекеті жаппай сауатсыздықты жоюға бағытталған төтенше шаралар қолданды. 1919 жылғы 26 декабрьдің өзінде-ақ В.И.Ленин РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халық Комиссарлары Советінің декретіне қол қойды. Бұл декрет бойынша «Республиканың 8 жастан 50 жасқа дейінгі оқи білмейтін немесе жаза білмейтін барлық халқы ана тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауатын ашуға міндетті» болды. В.И.Лениннің инициативасы бойынша 1920 жылғы июльде Сауатсыздықты жою жөніндегі бүкілроссиялық төтенше комиссия (Грамчека) құрылды [24; 484],- деп жазылды. Осы күрестің барысында «1923 жылы 3000 адам оқытылып, 90270 оқушы оқытатын 1003 пункт ашуға ұйғарылса, 1924-25 жылдар 6677 сауат ашу пункті жұмыс істеді... 1920 жылы республикада сауаттылардың үлес салмағы 14,4 процентке жетті, оның ішінде қазақтар арасында қалаларда 13,9 процент, ауылдарда 2,9 процент болды. 1926 жылғы санақ бойынша 17 жастан 35 жасқа дейінгі барлық халықтың сауаттылығы артты. Ұлттық жағынан алғанда сауатты қазақтар – 10 процентке жуық, орыстар-57 процент, украиндар-50 процент, татарлар 65 процент болып шықты»,- деп көрсетілген [24; 487]. Бұл сандарға қарасақ, республикамыздың халқы, оның ішінде қазақ халқы түгел сауатсыз болған деп түсінесің. Ал кеңестік құжаттарда дәл солай деп көрсетілді. Бірақ сол кездегі сауатсыз деп отырғандары латынша алфавитін білмегендер деп түсінуіміз керек екендігін ашық айтпады.

«1923-1924 оқу жылында бірінші басқыш мектептердің саны 15 процент, жеті жылдық мектептер де 15 процентке көбейді. 1924-1925 оқу жылының басында Қазақстанда 2351 бірінші басқыш мектеп (оның ішінде 747 қазақ мектебі), 25 коммуна-мектеп (оның 24-і қазақ мектебі) және 68 жеті жылдық мектеп пен екінші басқыш мектеп болды. Бүкіл республика бойынша 1922-1923 оқу жылымен салыстырғанда 1925-1926 оқу жылында мектептердегі қазақ оқушыларының саны 2,4 есе көбейді, ал жалпы оқушылар саны бұл мерзімде 190 процентке өсті», - [24; 493] деп жазылған. Бұл мәліметтерді келтіре отырып, республикада халыққа білім беру жұмысының қарқынды жүргізілгендігін байқаймыз. Алайда, мектептік білім беру жүйесі кеңестік жүйеге негізделіп, қағаз жүзінде, жоғары жақ бекіткен жоспарларға сай, жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктері ескерілмей, үстіртін ғана жүргізілді. Мәселен, ауылдық мектептерде оқу мерзімі қысқарақ болды, қазақ балалаларына ана тілі емес, орыс тілі жаппай үйретілді; кедейлер мен батырақтың балалары мектеп-интернаттарда 1-2 жыл ішінде тез бастауыш білім алып шығатын болды, жеті жылдық және тоғыз жылдық мектептердің бағдарламалары негізінен ауыл шаруашылық бағытта болды, бастауыш мектептер басым болғандықтан Отан тарихы оқытылмады. Қазақ мектептері сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да артта болды. Оны мына мәліметтерден көруімізге болады: «1925-1926 оқу жылында республикада 3344 мектеп болды, олардың 111-і ғана жеті жылдық мектептер және екінші басқыш мектептер еді. Оларда 17 720 адам, оның ішінде 3084 қазақ оқыды. 3233 бастауыш мектепте 215 142 оқушы оқыды, бұл - барлық оқушылардың 92 процентінен астамы еді, олардың 67769-ы немесе 31,5 проценті қазақ балалары болды. Бүкіл республикадағы ауыл-селолық жерлерде мектептердің 73,6 процентінде оқу топтарының бір-бір комплектісі, 50,7 процентінде екі-екіден, 3,7 процентінде үштен, тек 2,4 процентінде ғана төрттен комплектісі болды. Бастауыш мектептің толық курсы оқушылардың 10 проценті ғана бітіретін» [24; 495].

Сонымен қатар, жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында құрылған барлық ауылдық, селолық мектептердің материалдық жағдайы төмен болды, жер үйде орналасып, оқулықтар жетіспеді.

Бірақ бұл мектептердің басты мақсаты сапалы білім беру емес, әсіресе, коммуна – мектептерінің басты мақсаты - қазақ кедейлерінің балаларын революция жолындағы табанды күрескерлер етіп тәрбиелеу, олардың пролетарлық сана-сезімін дамыту болды.

1930 жылғы 27 августа Қазақ ССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі баршаға бірдей міндетті бастауыш оқуды енгізу туралы қаулы қабылдады. Жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қазақ зиялы қауымы араб алфавитін сақтап қалуға тырысып, одан бас тарту ұлттық дәстүрлерден, тіпті мәдениеттен безу болып табылатындығын «дәлелдемек» болды. Молдалар құран жазылған «киелі» араб алфавитін ұмыту жұртты ызаландырады деді. Бірақ, кеңес өкіметінің басқаруымен 1928 жылы декабрьде Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің сессиясы жаңа алфавитке-латын алфавитіне көшуді заңмен бекітті. Совет өкіметінің мақсаты да осы болатын. Ең бірінші халықты өз уысында ұстау үшін оның тілі мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын жою ғана жеткілікті еді.

1930-1931 оқу жылында отырықшы аудандарда, 1931 жылдың көктемінде көшпелі аудандарда жалпыға бірдей білім беру енгізілді: қазақ ауылдарында балалардың мектепке тартылуы 1930 жылы 22 процент болса, енді 63 процентке жетті, шығыс ұлттарының қыз балаларының оқуға тартылуы едәуір өсті. 1928-1929 оқу жылында 10 процент болса, 1930-1931 оқу жылында 30 процент болды [24; 501].

КСРО тарихы пәні 1934 жылдан бастап өз алдына жеке пән ретінде оқытылуға еркіндік алды. 1934 жылы 15 мамырда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК (б)П Орталық Комитетінің «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулысы шықты. Қаулыда бұған дейін орын алған «кемшіліктерді» жойып, тарих курстары мазмұны қалыптасуының бастамасы болды. 1932 жылғы 25 тамыздағы қабылданған қаулыда Қоғамтану, әдебиет, тіл, география, және тарих пәндерінің оқу программаларына СССР халықтарының ұлттық мәдениетінен материалдарды енгізу қажеттігі көрсетілді [25; 75]. Осы қаулыға сәйкес, Қазақстанда 1935-36 оқу жылында тарих пәнін оқытуға аптасына 14 сағаттың орнына 21 сағатқа, ал, 1940-1941 оқу жылында 25,5 сағатқа көбейтілді. 1932-1933 оқу жылынан бастап тарих пәні дербес пән болып енгізілді. Оның бағдарламалары жасалып, 5,8- сыныптарға арналған тарих оқулықтары жарыққа шықты. Бірақ бұл оқулықтарда тек КСРО тарихы оқытылды. 1937 жылы 3,4- сыныптарға арналаған «КСРО тарихының қысқаша курсы» оқулығы жарыққа шықты, ол 1939 жылы қазақ тіліне аударылып басылып, қазақ мектептерінде пайдаланыла бастады. Осы оқулықтағы 63 тақырыпшаның тек бір бетіне ғана ең алғаш рет Қазақстан туралы бір бет материал енгізілді. Осындағы «Қазақстан және Қиыр солтүстікке жүргізген жаулап алушылықтар» деген әңгімеде Қазақстан туралы бір бет материал берілген. Онда XVIII ғасырда қазақтардың мал баққаны, үш жүз деп аталатын мемлекет болғаны, оларды хандар мен сұлтандар билегені айтылады. «Ілгеріде қазақ елін монғолдар жаулап алған еді. Олар қазақтарды 200 жылдай езіп келді. 1731 жылы Әбіқайыр ханның сұрауы бойынша кіші жүз Ресейге қосылды. Қалған жағын және бүкіл Орта Азияны Ресей жаулап алды. Қамалдар салды, орыс әскерін ұстады, қазақ жерлеріне талау саясатын жүргізді. Оған қарсы қазақ халқы бірнеше рет көтеріліс жасады...», - дей келіп, 1783 жылғы С.Датов бастаған көтеріліс туралы қысқаша тоқталады [24; 2].

Бұл оқулықта Қазақстан тарихы туралы материалдар аз берілгендіктен Қазақ АКСР-нің Халық Ағарту Халық Комиссариатының алқасы 1934 жылы орта мектептің жетінші оқу жылы үшін Қазақ ССР тарихының программасын бекітіп, 1934 жылы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ғалым-тарихшы, профессор С.Ж.Аспандияровтың басшылығымен 1935 жылы Қазақстан тарихын оқытуға арналған тұңғыш бағдарлама жасалынды [26; 5]. Бірақ 30 жылдары бұл іс іске аспады, мектептерде С.Аспандияровтың оқулығы оқытылмады, оқулықты, программаны шығарумен ғана шектелді. Ал бұдан кейінгі қазақ тарихы бойынша жазылған оқулықтар мен оқу құралдары мен кітаптар кеңестік бақылауда болды.

Қорытынды

1939 жылдың аяқ шенінде Қазақстан халқының жалпы сауаттылығы 79,3 процентке дейін өсті. Маусымдық бастауыш мектептің орнына 8-11 жас арасындағы балалардың 98,6 процентін

оқумен қамтыған толық комплектілі төрт класты мектептер ашылды. 14 жасқа дейінгі балалар орталау және орта мектептерді оқыды. Республикада 1940-1941 оқу жылындағы мектептердің жалпы саны 7790-ға, олардағы оқушы саны 441 мыңға жетті [27; 50]. 1938 жылдан бастап барлық ұлттық мектептерде орыс тілін үйрету енгізілді.

Көптеген деректерді талдай келе, тарих пәні жалпы білім беретін мектептерде 1924-35 оқу жылында – 14 сағат; 1935-36 оқу жылында - 21 сағат; 1940-1941 оқу жылында 25,5 сағатпен оқытылғандығы туралы мәліметтерді келтіруге болады

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ далаларында ашылған қазақ мектептерінде толық жағдай жасалынбағандығын, оқу-ағарту саласы жақсы дамымағандығын көреміз. КСРО кезінде тарих пәнінің оқытылуы кеңестік идеология бақылауында болғандықтан Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерде оқушылар санасына «Капитализм құриды, коммунизм жеңеді» деген сенімді ғана қалыптастырған. Коммунистік идеология Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін жариялағанға дейін Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жалпы білім беретін мектептерде көптеген методологиялық қателіктер мен кемшіліктер кері әсерін тигізген. Осындай саясаттың салдарынан:

- ортағасырлардағы Орта Азия мен Қазақстандағы ұлы ойшылдар мен ғалымдардың шығармалары,

ойлары ғылыми зерттеулерде зерделенбеді және оқу құралдары мен оқулықтарға толық енгізілмеді.

- XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушы-ғалымдардың тарихи, философиялық, педагогикалық

көзқарастары ғылыми зерттеулерде пайдаланылмады. Тек Тәуелсіздік алған 1990 жылдардың бас кезінен бастап қана Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформаланып, Қазақстан тарихын оқытудың мақсаты, білім мазмұны мен көлемі және оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері өзгерді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тұрлығұл Т.Т. (2011) Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. Алматы: Қарасай. - 264 б.
2. Ильминский Н.И. (1883) Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань: Тип.император.унив-та. - 49 с.
3. Остроумов Н.П. (1906) Мусульманские мактабы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Журнал Министерства Народного Просвещения. СПб.: Сенатская типография, Ч. 1. С. 113-166.
4. Граменицкий С. (1896) Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. Составил инспектор народных училищ Туркестанского края 1-го района С. Граменицкий. Ташкент: Типо-литография Торгового дома «Ф и Г. бр. Каменские» - 75 с.
5. Асфендияров С. (1993) История Казахстана. 2-е изд. Алма-Ата: Қазақ университеті. - 304 с.
6. Тынышпаев М. (1998) История казахского народа //сост. и авт. предисл.: А. Такенов, Б. Байғалиев. Алматы: Санат. - 280 с.
7. Султанғалиева Г.С., Байғараев Н. (2015) Қазақ даласындағы жәдиттік қозғалыс: оның негізгі проблемалары// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, №1(44). Б. 134-140.
8. Қараған Е., Васакли Y. (2020) Alaş Orda Dönemi Kazak Edebiyatında Aydınlanma ve Millî Bilincin Yeniden İnşası. Journal of History Culture and Art Research. Tarih Kültür ve Sanat Araştırmaları Dergisi. Vol. 9, No. 2.
9. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) (1982) Бес томдық. III том. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы - 560 б.
10. Тулеуова Б.Т., Шотбакова Л.К., Смагулова Г. М. (2018) Формирование системы школьного обучения казахского населения Центрального Казахстана во второй половине XIX – начале XX веков // Былые годы. Вып 50. № 4. С.1612-1624.
11. Алтынсарин Ы. (1955) Тандамалы шығармалар. Құраст. Б. Сүлейменов. Алматы. - 88 б.
12. Тажиев Т.Т. (1962) Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века. Алматы: АПН КазССР. - 98 с.
13. Сембаев А.И. (1962) История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата: Казучпедгиз - 344 с.
14. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) (1982) Бес томдық. III том. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы - 560 б.
15. Смайылова М., Қаратаева С. (1995) Қазақ кашаннан хат таныған? // Қазақ тарихы. 1995. № 3. 37-38 б.
16. Қайырханова Ф.К. (2010) Шокан Уалиханов қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы.

- Ш.Ш.Уалиханов мұрасы әлемдік тарих контекстінде» халықаралық ғылыми форум материалдары. Семей. - 101 б.
17. Tomohiko U. (2018) The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. P. 70-99.
 18. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы (2011) / бас ред. С. Қасқабасов. Алматы: Атамұра. - 688 б.
 19. Әуезов М. (1923) Ақанның елу жылдық тойы. «Ақжол» газеті, 4 ақпан, №270.
 20. Бөкейхан Ә. (1994) Шығармалар. Алматы: Қазақстан. - 381 б.
 21. Байтұрсынов А. (1913) Оқу жайы. «Қазақ» газеті. 21 апрель. №117
 22. Байтұрсынов А. (1914) Бастауыш мектеп. «Қазақ» газеті. 9 май. № 61
 23. Копиев С. (1989) Халық жауы атанған ғалымның жаңа қыры. Өркен.
 24. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) (1981) Бес томдық. IV том. Алматы: Қазақ ССР нің «Ғылым» баспасы. - 676 б.
 25. Народное образование в СССР (1974) Сборник документов. 1917—1973 гг. М.: Педагогика. - 105 с.
 26. Аспандияров С. (1993) Қазақстан тарихының программасы // Қазақ тарихы. № 2.
 27. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) (1984) Бес томдық. V том. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. - 728 б.

Открытие казахских школ и преподавание казахской истории со второй половины XIX до середины XX века

К.К. Жылкышыбаева¹, Ибрагим Озтюрк², К.Д. Раисов³

¹Казакский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

²Университет Нигде Омер Халисдемир, г. Нигде, Турция

³ Казакский Национальный Университет имени Әл-Фараби, г.Алматы, Казахстан
karluwa1970@gmail.com, iozturk@ohu.edu.tr, raysov.kazbek@mail.ru

В статье рассматриваются вопросы открытия казахских школ и преподавание казахской истории во второй половине XIX-середины XX веков с позиций исторической науки. Рассмотрены политические взгляды казахской интеллигенции и просветителей на работу сельских школ, которые открывались в Казахской степи. Особое значение в статье придается вкладу казахской интеллигенции в становление и развитие истории Казахстана как дисциплине в конце XIX - середине XX веков. Анализируются научные труды представителей интеллигенции и просветителей, где представлены данные об открытии национальных школ для казахских детей. Отмечается, что поскольку преподавание истории в СССР находилось под контролем советской идеологии, был допущен ряд методологических ошибок и недочетов в преподавании истории Казахстана в общеобразовательных школах.

Ключевые слова: История Казахстана, казахские школы, религиозные медресе, учебники, Ыбырай Алтынсарин, казахская интеллигенция, Советская власть, царская Россия.

Opening of Kazakh schools and teaching of Kazakh history in the second half of XIX to the middle of the XX century

К.К. Zhylykshybaeva¹, Ibrahim Ozturk², K.D. Raysov³

¹ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

² Omer Halisdemir University of Nigde, Turkey

³ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

karluwa1970@gmail.com, iozturk@ohu.edu.tr, raysov.kazbek@mail.ru

The article deals with the opening of Kazakh schools and the teaching of Kazakh history in the second half of the XIX-mid XX centuries from the perspective of historical science. The political views and positions of the Kazakh intelligentsia and educators to the work of rural schools and their state, which were opened in the Kazakh steppes, are also considered. Special attention is also paid to the contribution of the Kazakh intelligentsia to the formation and development of the history of Kazakhstan as a discipline in the late XIX and mid XX centuries. The article analyzes the scientific works of intellectuals and educators, which provide information about the opening of national schools for Kazakh children. The article describes that the teaching of history during the Soviet era was under the control of Soviet ideology. Therefore, many methodological mistakes and shortcomings were made in teaching the history of Kazakhstan in secondary schools and conclusions were drawn.

Keywords: History of Kazakhstan, Kazakh schools, religious madrassas, textbooks, Ibyray Altynsarin, Kazakh intelligentsia, Soviet power, tsarist Russia.

Редакцияға 06.12.2020 түсті.